

## Апталық электрондық бюллетені

Апта: 40

Апта кезеңі: 01.10.2020 ж. – 07.10.2020 ж.

Маусым: 2020

Апта кезеңі: 40 – 40

### Қазақстан Республикасында ЖРВИ және тұмау бойынша эпидемиологиялық жағдай

Ағымдағы тұмауға қадағалау деректері сақтықпен түсіндірілуі керек, себебі жалғасқан COVID-19 пандемиясы әртүрлі дәрежеде, денсаулықты іздестіру мінез-құлқына, күзет орындарындағы штаттық кесте / күнделікті тәртіпке және мүше мемлекеттердегі басымдықтар мен мүмкіндіктерді сынауға әсер етті. SARS-CoV-2 вирусының таралуын азайту үшін мүше мемлекеттер қабылдаған әр түрлі гигиеналық және физикалық қашықтықтағы шаралар тұмау вирусының таралуын төмендетуде маңызды рөл атқарды.

Тұмаудың ғаламдық деңгейінің төмендеуі жылдың осы уақытында күтілген деңгейден төмен болды. Оңтүстік жарты шардың қоңыржай белдеуінде тұмау маусымы әлі басталған жоқ. Оңтүстік жарты шардағы кейбір елдерде тұмауға тесттің жалғасқанына немесе тіпті жоғарылағанына қарамастан, тұмаудың өте аз жағдайлары тіркелген.

Солтүстік жарты шардың қоңыржай белдеуінде тұмау белсенділігі маусымаралық деңгейден төмен болып қалды.

Кариб теңізі мен Орталық Америкада тұмаудың бірен-саран болатыны немесе болмағаны туралы хабарланған. COVID-19 әсерінен болатын жедел респираторлық инфекцияның (ЖРВИ) белсенділігі кейбір есепті елдерде жоғарылаған.

Тропикалық Оңтүстік Америкада, тропикалық Африкада және Оңтүстік Азияда барлық жауап беретін елдерде тұмаудың сирек кездесетін немесе мүлдем болмағаны анықталды.

Оңтүстік-Шығыс Азияда Лаос Халықтық Демократиялық Республикасы мен Таиландта тұмаудың сирек кездесетін жағдайлары тіркелген.

Дүниежүзілік анықталған жағдайлардың өте аз санының ішінде маусымдық тұмау вирустары аурудың көп бөлігін құрады.

#### Қазақстан

Қазақстанда ағымдағы аптадағы ЖРВИ/тұмау бойынша эпидемиологиялық жағдай аурудың маусымдық жоғарлауымен сипатталады. Тұрғындардың ауру деңгейі шекті деңгейден аспайды, Атырау, Павлодар, Түркістан облыстарын және Шымкент қалаларын қоспағанда, облыстың шекті деңгейлерінен тиісінше 2,84%, 50,9%, 39,9% және 10,2% асып түсті. ЖРВИ/тұмаумен ауру жағдайларының өлімге алып келген тіркелмеген (сурет 1).

2020/2021 жж. эпид кезеңнің 40 аптасында 12541 ЖРВИ жағдайы тіркелді. Халық арасында сырқаттанушылық көрсеткіші 100 мың адамға шаққанда 66.4 құрады, алдыңғы аптаға қарағанда +14.91% өсуі байқалды.

01 қазан 2020 - 07 қазан 2020 жж. дейінгі уақыт аралығында 12541 ЖРВИ жағдайы тіркелді. Халық арасында сырқаттанушылық көрсеткіші 100 мың адамға шаққанда 66.4 құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда +32.21% жоғары (2019/2020 маусымында сырқаттанушылық көрсеткіші 100 мың адамға шаққанда - 45.01).

ЖРВИ-мен ауырғандардың негізгі үлесін 14 жасқа дейінгі балалар құрап отыр – 53.98% (6770 жағ.), 1 жасқа дейінгі балалар арасында - 9.41% (1180 жағ.), жүкті әйелдер арасында – 19.14% (2400 жағ.) тіркелген.

1221 науқас ЖРВИ диагнозымен ауруханаларға жатқызылды, оның ішінде жүкті әйелдер – 6.4% (78 жағдай), 1 жасқа дейінгі балалар – 26.4% (322 жағдай) құрады.

Пневмониямен ауруханаларға 635 науқас жатқызылды, олардың арасында 14 жасқа дейінгі балалардың арасындағы үлесі – 54.6% (347 жағ.), оның ішінде 1 жасқа дейінгі балалар – 19.5% (124 жағ.), жүкті әйелдер – 0.6% (4 жағ.).



### Тұмау тәрізді аурулардың (ТТА) шолғыншы эпидемиологиялық қадағалау

2020/2021 жж. 40 - апта аралығында Республиканың шолғыншы орталықтарына ЖРВИ бар 1751 наукас жүгінді, оның ішінде 354 ТТА оқиғасы немесе 20.22%, 100 мың халыққа шаққанда 33.29 аурушаңдық көрсеткішімен саналды. 40/2020 аптасында 3 үлгілер зерттелген.


### Ауыр жіті респираторлық инфекциялар (АЖРИ) шолғыншы эпидемиологиялық қадағалау

40/2020 аптада 9 аймақтағы 27 шолғыншы ауруханаларда 190 АЖРИ тіркелді, оның 58.4% (111 жағ.) 14 жасқа дейінгі балалар арасында, оның ішінде 46.32% (88 жағ.) 0-ден 4 жасқа дейін балалар арасында.

Әдеттегі эпидемиологиялық қадағалау деректері бойынша ағымдағы маусымның 40 аптасында емханалардағы аурулардан алынған 3 үлгі және ауруханалардан 2 үлгі зерттелген, оң нәтиже анықталмады.

2020/2021 маусымның 40 аптасында 11 басқа да ЖРВИ зерттелген үлгілерден 18.18% (2) (100%) риновирустар анықталды. (2-сурет).

2 Сурет. 2020/2021 ж маусымының ПТР нәтижесі бойынша тұмау және басқа да ЖРВИ мониторингісі



	<b>Ағымдағы апта</b>							
	<b>Жиынтық</b>		<b>Әдеттегі эпидемиологиялық қадағалау</b>		<b>ТТА 2.13</b>		<b>АЖРИ 3.13</b>	
<b>Вирустың түрі мен типі</b>	<b>Саны</b>	<b>%</b>	<b>Саны</b>	<b>%</b>	<b>Саны</b>	<b>%</b>	<b>Саны</b>	<b>%</b>
Парагрипп	0	0	0	0	0	0	0	0
РС вирус	0	0	0	0	0	0	0	0
Метапневмовирус	0	0	0	0	0	0	0	0
Риновирус	2	100	2	100	0	0	0	0
Бокавирус	0	0	0	0	0	0	0	0
Аденовирус	0	0	0	0	0	0	0	0
Коронавирус	0	0	0	0	0	0	0	0
<b>Анықталғаны /Зертелгені</b>	2 / 11		2 / 5		0 / 3		0 / 3	